**Қазақстан Республтикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 1279 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 25 наурыздағы N 393 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.04.14 № 302 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Табиғи монополиялар салаларындағы тарифтік саясатты жетілдіру жөніндегі шаралар кешенін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 1279 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Табиғи монополиялар салаларында тарифтік саясатты жетілдіру жөніндегі шаралар кешенінде:

"Шаралар кешенін дамытудың негізгі бағыттары және іске асыру тетігі" деген 5-бөлімнің "Реттеудің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру" деген кіші бөлімінде:

бірінші абзацта:

бірінші сөйлемде "Заңының жаңа редакциясын" деген сөздер "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң жобасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлемде "Заңның жаңа редакциясы" деген сөздер "Осы Заң жобасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшада "Заңының жаңа редакциясын" деген сөздер "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң жобасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Шаралар кешенін іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 8-бөлімде:

реттік нөмірі 9-жолда:

2-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу";

5-бағанда "I тоқсан" деген сөздер "IV тоқсан" деген сөздермен ауыстырылсын

.

2. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК